

қиялы ересектерге қарағанда әлсіз болады. Л.С.Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, «Бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар, қаншама таңғажайып болып көрінгенімен де, баланың өмірден көрген білгеніне негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдауымен түсіндіргенде, үлкендерге күтпеген таңқаларлықтай болып естіледі».

С.Л.Рубинштейннің айтуынша «Қиял – бұл образдық форманы іске асыру, өзгеріске енгізу» деп түсіндіреді. Л.С.Выготский мен А.Н.Леонтьев қиялдың ерекшелігіне қарай оған арнайы психикалық процесс деп қарауға мән берді [4]

Мектепке дейінгі балалардың ерекше қабілеттерін зерттеп, қорытынды жасаған А. Подьяков болатын. Оның айтуы бойынша 5-6 жастағы балалар белгілі бір тапсырманы зерттеуге ынталы, белсенді келеді, яғни осы жастағы балалар қиын, көпсалалы тапсырмаларды өз бетінше саралай алады. Бұл баланың білімді меңгеруімен, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауымен, күнделікті өмірдегі іс-тәжірибесімен жүзеге асады. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-танымдық әрекетке қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын қалыптастыру арқылы олардың белсенділігін арттыру маңызды. Сол жөнінде Л.С.Выготский былай деген: «Ең алдымен баланы бір әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса. Осыны іске асыру үшін барлық күш жігерін салатынын және бала өзі

қимылдайтынын, ал тәрбиеші болса тек қана басқарып, бағыттап отырады. Балалардың танымдық әрекетке қызығушылығы ынта-ықыласы олардың білім сапасы мен даму деңгейіне байланысты, ойлау әрекетінің әдістерінің қалыптасуына тәуелді» [5] Тәрбиеші үшін баланың қызығушылығы, бейімі, қабілеті және басқа психологиялық ерекшеліктері басты мәселе болуы тиіс. Осы ерекшеліктерді ескеру мен дамыту баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады. Мектепке дейінгі психологиялық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюіне психологияның қосары мол. Баланы байқағыштық пен байсалдылыққа, зейінділік пен зеректілікке, тапқырлық пен ойланғыштыққа баулып, тәрбиелейтінде осы ғылым саласы. Жалпы психология ғылымының алға қойған мақсаттары халыққа, болашақ ұрпаққа адамның өзін-өзі танып білуінде психологиялық қызметтің қаншалықты маңызды мәселе екендігін жете түсіндіру.

1. Д. Ушинский К Педагогические сочинения В.бт. М., 1988 414 Л.С.

2. Возрастная и педагогическая психология. Тексты. - М.: МГУ, 1992.

3. В.В.Давыдов. Теория развивающего обучения. - М., 1996

4. Л.С.Выготский. Проблема возраста/ Собрание сочинений. – М., 1984

5. Л.С. Выготский «Избранные психологические исследования». М., 1956. 519-6.

Ә. Молдажанова

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕ ОЙЫННЫҢ ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Ойын – оқыту әдісінің бөлігі. Тіл үйренуде, тіл дамытуда ойындар арнайы мақсатты көздейді. Ойынның мақсаты – білім, білікті және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қимылдарды қайталау немесе тексеру сипатында болады.

Сабақты жүйелі түрде түрлендіріп, әртүрлі әдіс-амалдарды қолданып, оқушылардың ана тілінде таза сөйлеуін, шет тілінде сөйлеуін, ана тіліне деген, шет тіліне деген ынтасын арт-

тырып, белсенділігін көтеретін – ойын, жұмбақтар және тақпақтар мен өлеңдер.

Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен-өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады. Кейбір психологиялық теориялар ойынның мәнін баланың артық әл-қуатын шығындап, жоғалтқысы келген талабымен түсіндіреді.

Ойын балалар үшін әрқашан ойын болған-

дықтан, ойын элементтері мен жұмбақтар қолданылып қолданылып өтілген сабақтар оқушы қауымды қызықтырады. Балалар ақыл-ойын дамытуда әсіресе сөздік жаттығулар, ойын түріндегі жаттығулар ерекше роль атқарады. Осының бәрін тілдік ойындарға жатқызуымызға болады. «Тілдік ойындар (языковая игра) – тек тіл ғана көрініс тапқан ойын емес, онда өмірлік ахуалдар бар, тіл арқылы көрініс беретін шындық» деп орыс ғалымдары В.П.Руднев те, Витгенштейн де санайды. Алайда бұл оқыту үдерісі кезінде қолданылған себептен, дидактикалық әдіске жатады. Дидактика деген не? Дидактика деген терминнің өзі гректің *didaktikos* – оқытушы, үйретуші деген сөзінен шыққан. Дидактика – оқыту үдерісінің теориялық негізін, оның заңдылықтарын, принциптерін, әдістерін қарастырады. Кез-келген білім беру саласында дидактикалық әдіс жоғары орында тұрады, себебі ол оқушылардың белсенділігін арттырумен қатар, мұғалім мен оқушы, оқытушы мен оқушы арасындағы әдеттегі психологиялық кедергіні бұзып, еркіндік, теңдік сезіледі, өз ойларын, пікірлерін білдіре алады, басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтеді, қызығушылығын арттырады. Оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыру мұғалімнің бір міндеті болып табылады. Ұялшақ, жасқаншақ оқушылар ойын барысында белсенді сергек болуға мүмкіндік алады. Ойын сабаққа енжар оқушының өзін еліктіреді, сабақта үлгеруіне үлкен көмегін тигізеді. Егер ойын алдын-ала ұйымдастырылып берілсе, онда ойынның өзі де, нәтижесі де жетістіктерге жеткізеді. Оқытушы сабақта қолданатын ойынды әртүрлі мақсаттарына сәйкес түр-түрлерге бөліп, қолдануына болады. Мысалы, ойын жаңа материалды алғашқы бекіту кезінде жүргізілсе, онда ойынға көбірек уақыт бөлінуі тиіс. Ал, сол материалды қайталау кезінде ойынның түрлері ұйымдастырылса, онда көп уақытты талап етпейді. Кейбір ойын түрлерін сабақтың әртүрлі кезеңдерінде пайдалануға болады. Ойын оқушылардың шаршағанын басады, сергітеді және шет тілін үйренуді жеңіл де қызықты процеске айналдырады.

Ойынның тәрбиелік мәні зор. Ойынның қай түрі болмасын, оның қоғам дамуының барлық кезеңдерінде бала тәрбиесінде өзіндік орны бар үрдіс болғаны педагогика тарихынан бәрімізге белгілі. Ойын кезінде оқушылар ұжымдыққа, жауапкершілікке, белсенділікке, дәл және тез шешім қабылдауға үйренеді. Сондай-ақ, дұрыс ойластырылған, қызықты ұйымдастырылған ойынның түрлері балалардың ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамытады, ынтасын арттырады.

Сабақта ынта мынадай себептерден төмендейді:

- ❖ Ойлау-процесіне, миына көп салмақ түсіруден;
- ❖ Сабақты бірыңғай, бірсарынды жүргізуден;
- ❖ Жазба жұмыстарын мөлшерден тыс жиі жүргізуден;
- ❖ Нашар оқитын оқушыға көбірек көңіл бөліп, сабақты созып жіберуден және т.б.

Жоғарыда көрсетілген себептерді болдырмау мақсатында оқу үрдісі кезінде ойынды қолдану тиімді. Бала оқу үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Ойын тіл үйренушілерге өте тиімді әрі пайдалы әдістің бір бөлігі. Тіл үйрену сабақтарында қолданылатын ойындар түрлі әрекетті қимыл, қарым-қатынастарды ойнатып, диалогтар үстінде ойды дамытады. Ойын барысында сөйлеу қызметінің үш бірдей талабы – грамматикалық ережелердің сақталуы, сондай-ақ лексикалық қорды қолдану және фонетикалық дыбыстау заңдылықтарының орындалуы шарт.

Ойын тек баланың қызығушылығын ғана қамтып қоймайды, сонымен қатар баланың көп мәліметтермен, ақпараттармен танысуына да мүмкіндік туғызады. Ойын ойнау кезінде даму, тәрбиелену, үйрену қабілеттері мен дағдылары дамиды. Енді біз даму, білім беру, дағдылар, қабілет деген сөздерге қандай түсініктеме берілгенімен танысып көрелік. Білім – адамда объективтік ақиқаттың фактілер, түсініктер және ғылым заңдары нысанында бейнеленуі болса, білім беру – бұл оқушылар алып, меңгеретін білімдердің, қабілеттердің және дағдылардың жүйеге келтірілген жиынтығы. Білім беру – тәрбиенің және оқып-үйретудің нәтижесі. Даму – бұл процесс және адам организміндегі сангдық, сапалық өзгерістердің нәтижесі. Қабілет – игерілген білімдердің, өмірлік тәжірибенің және бойға сіңісті болған дағдылардың негізінде практикалық және теориялық іс-қимылдарды саналы әрі дербес түрде орындауға даярлық деп көрсетсе; Дағдылар – қажетті іс-әрекеттерді орындау кезінде көрініс табатын, сан рет толассыз жаттығулар жасау жолымен мейлінше жетілдірілген практикалық іс-әрекеттің құрамдас бөліктері

Аталып өткен қабілет, дағдылардың кез-келген баланың, оқушының бойында сіңуіне ойынның атқаратын қызметі зор.

Ойын – баланың әуелі эмоциональды, сонан соң интеллектуальды жүйесін қалыптастыратын іс-әрекет. Сабақ барысында ойынның ұйым-

дастырылуы, оның жүзеге асуы оқушы мен оқытушының тарапынан іске асырылады. Себебі, ойынның шарты, ұйымдастырылуы, орны, сабақтағы материалға қатыстылығы, өткізілу формасы уақыты оқытушыға байланысты. Ал оқушы осылардың барлығын жүзеге асырушы ретінде танылады. Егер оқушы берілген материалды дұрыс түсінсе, ойынның шартымен дұрыс таныстырылса, онда сабақ өз мақсатына жетті деген сөз. Ол үшін оқытушы тартымды, бәріне түсінікті әрі қарапайым формаларды тандап, жеңілден – ауырға, жекеден – жалпыға концепциясын ұстануы тиіс.

Ойынды сабақ барысында пайдалану кезінде оқушылардың өткен материалдарымен қатар жас ерекшелігін, жыныстық ерекшелігін ескеру қажет. Бастауыш мектеп жасындағы балалар үшін ойын – қызықтыратын іс-әрекеттер ретінде танылса, жоғары мектеп оқушыларының арасында ол тек қызықтыратын іс-әрекет емес, өз пікірін білдіретін пікірсайыс сабақ ретінде танылуы мүмкін. Сонымен қатар, жас ерекшеліктеріне байланысты оқу процесінде ойынның түрлерін де бірнеше топтарға жіктеуге болады. Мысалы, бастауыш мектеп жасындағы немесе балабақшадағы балаларға жас ерекшелігін ескере отырып тіл үйрену сабақтарында мынадай ойынның түрлерін жүргізуге болады: «Ұшты, ұшты», «Хан, уәзір», «Кім тапқыр?», «Жәрмеңке» және т.б. Мұндай ойындар тапқырлықты, жылдамдықты, тез ойлауды, есте сақтауды мақсат тұтып, көздесе, жоғары мектептің оқу процесінде қолдануға тиімді ойындардың «Рөлдік», «Іскерлік ойындар», «имитациялық ойындар» сияқты түрлерін қарастыруға болады.

П.ғ.к. А.Әлімов өзінің «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты оқу құралында былай деп берген: «Рөлдік ойындар – тиімді интербелсенді әдістердің бірі. Рөлдік ойындарда студент өзінің теориялық білімдерін өмірде кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады. Рөлдік ойындарды жүргізу алдында оқытушының әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындалуы шарт, ол әсіресе келесі мәселелерді алдын-ала мұқият талдап алуы керек:

- ❖ Ойынды өткізудің әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезеңдері, қатысушылар, т.б.)

- ❖ Ойынның мүмкін нәтижелерін болжау;

- ❖ Ойынның нәтижелерін қорытындылау.

Рөлдік ойындардың екі түрін ажыратуға болады:

- ❖ Әрбір студент рөл ойнайды.

- ❖ Студенттердің шағын топтары рөл ойнайды.

Рөлдік ойындар үйренушілерде келесідей біліктерді қалыптастыруға септігін тигізеді:

- ❖ Қарым-қатынастық дағдылар;

- ❖ Шағын топтарды жұмыс жасау дағдылары;

- ❖ Толеранттылық;

- ❖ өзіндік тұрғыдан ойлау, пікір және көзқарас қалыптастыру;

- ❖ үйренгенді практикалық тұрғыдан қолдану;

- ❖ өздерінің үйрену деңгейін анықтап, оны әрі қарай дамыту.

Сондай-ақ, рөлдік ойындарды басшылыққа алу барысында бірнеше ұйымдастыру кезеңдерін атап өту керек. Олар:

1. Жүргізуші тақырыпты хабарлайды, ойынның мақсаты мен рөлге еніп ойнауы үшін барлық жағдайларды жасайды;

2. ойынға қатысушыларды ойынның тәртібімен таныстырады;

3. жүргізуші ойынның қорытындысын белгілеп отырады;

4. Ойынға қатысушылардың тақырыпты талқылауына көңіл бөлінеді.

Рөлдік ойындарда ойынға қатысушылар басқа адам ретінде өздерін сезінеді, ойлайды және солардың іс-әрекеттерін қайталайды.

Іскерлік ойындар іскерлік ойындар және өндірістік ойындар болып екіге жіктеледі.

Іскерлік ойындарда студенттер қандай да бір сценарий ауқымында рөлдерді өзара бөлісіп, зерттеу жұмыстарын жүргізу және деректерді талдау арқылы нақты практикалық мәселелерді бірлесе отырып шешеді. Ал, өндірістік ойындарда ойынға қатысушылардың сан қилы мүдделерін тоғыстырып, ойын аяқталғаннан кейін қатысушылардың барлығын қанағаттандыратын шешім қабылдауды қажет етеді. Өндірістік ойындар әлеуметтік немесе экономикалық сипаттағы нақты бір жағдайды шешуде үйренушілердің өзара әрекеттесуін қалыптастырады. Өндірістік ойындар әдетте студенттік топтың өзара келісімге келіп, бірлескен ізденіс әрекеттері түрінде өтеді.

Имитациялық ойын дегеніміз адамдардың қалыптан тыс жағдайлардағы әрекеттерін анықтайтын өмір сүру ортасының үлгісін құру. Имитациялық ойындарда студенттер өмірде тууы мүмкін оқыс жағдайларды қайталап, шаруашылық, басқару, әлеуметтік, психологиялық шешімдерді қабылдауды үйренеді. Бұл ойындар қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері арқылы

жүзеге асырылады: пікірталас, келіссөз жүргізу, презентациялау, бірлесе әрекеттесу.

Сонымен қорыта келгенде ойын – оқу процесінің бір бөлігі болып табылатын, ұтымды әрі тиімді әдіс болып табылады. Оқыту үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алатын ойынды оқытушылар мен студенттердің, мұғалімдер мен оқушылардың, мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиешілердің бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Балалар ойыны да, үлкендер ойыны да мәнді тұлғаның мәнді әрекеті ретінде қарастырылады. Адам өзінің және басқалардың қызығушылықтарынан, ынтасынан туындаған ойынының нәтижесін бақылай, талдай, қорытындылай отырып, оны өзінің жақсы да жаман да істерінде ұтымды қолдануға ма-

шықтанады. Сабақты бірыңғай әдіспен жүргізу балаларды жалықтырып, пәнге деген қызығушылығын төмендетеді. Сол себептен де бірсарынды баланы жалықтыратын әдістерден бас тартып, керісінше баланың ойлау қабілетін, іскерлігін дамытатындай бағытта ұйымдастырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

1. Ш.А.Амонашвили «Мектепке - алты жастан». Педагогикалық ізденіс, А.: Рауан. 1990. -574 бет. Құрастырушы: И.Н.Баженова

2. Әлімов Асхат .Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.Оқу құралы.-Алматы,2009.-328 бет.

3. Ахметова Педагогика

4. Ә.Меңжанова Мектепке дейінгі педагогика. А.: Рауан, 92.-207 бет

5. Культура русской речи: Энциклопедический словарь-справочник / Под ред. Л.Ю.Иванова и др.-М.: Флинта: Наука, 2003.-840с.

Г. Ә. Мұсаева

ТІЛДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ (ҚАЗАҚ ТІЛІ)

Тілді екінші және шет тілі ретінде оқытудың бірыңғай тұжырымдамасын құзіреттілік (компетенция) *competentis* латын тілінде – қабілетті) жолымен қарастыру қажет. Құзіреттілік терминін ғылымға алғаш рет Н. Хомский енгізген. Оны адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауға қабілеттілігін көрсету үшін қолданды. Тіл меңгеруде құзіреттіліктің негізгі үш түрі айқындалған.

Коммуникативтік құзіреттілік – бұл тілді қарым-қатынас кеңістігі ретінде түсініп, іс-әрекеттің белгілі бір саласында қарым-қатынастың мақсаты мен жағдаятына сай үйреніп жатқан тіл құралдары арқылы сөйлеу әрекетін жасау қабілеті.

Тілдік құзіреттілік – тіл арнайы заңдылықпен қызмет жасайтын жүйе деп түсініп, осы жүйенің көмегімен басқа адамның ойын ұғу және ауызша, жазбаша түрде өзіндік пайымдауларын жеткізе білу қабілеті.

Әлеуметтік-мәдени құзіреттілік – тіл халық мәдениетінің құрамдас бөлігі, мәдениетті тасымалдаушы құрал деп түсініп, үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықтың әдет-ғұрпын, этикетін, әлеуметтік стереотиптерін, тарихын, мәдениетін қоса меңгеріп, қарым-қатынас барысында оларды қолдана білу қабілеті [1,138 б].

Бұл құзіреттіліктер тілдік тұлғаның терең қалыптасқан сапасын білдіреді. Сондай-ақ олардың бөтен ортада өмір сүріп, әрекет жасауын қамтамасыз ететін дағдылары мен біліктілігін, алған білімдерін орынды қолдана білу қабілетін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде еуропалық стандарт бойынша тілді меңгерудің алты деңгейі қарастырылған. Осыған орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел азаматтарына арналаған дайындық факультетінде қазақ тілін меңгеру жүйесі де осы деңгейлерге сәйкес ұйымдастырылған. Тілді меңгерудің коммуникативтік құзіреттіліктері де осы деңгейлерге сәйкес таңдап алынады.

Осы қағиданы негізгі ұстаным етіп ала отырып, сабақ ұйымдастырылуы тиіс.

Сабақтың құрылымын негізгі үш бөлімге бөлеміз: сабақтың басы – *тілдік қарым-қатынасқа дайындау*; сабақтың ортаңғы бөлігі – *жаңа сабақты түсіндіру және бекіту*; Сабақтың аяғы – *қорытындылау, бақылау*;

Сабақтың негізгі бөлімі.

1. Жаңа сабақты түсіндірудің негізгі ұстанымы – коммуникативтік тәртіптегі тілдік материал.

Тілдік материалды ұйымдастыру коммуни-